

*Елемесова Айгерим Талгатовна,
нұсқаулық-әдістемелік бөлім меңгерушісі,
Облыстық балалар биологиялық орталығы,
Семей қаласы*

Биологиялық орталықтағы қызыққа толы күндер-ай!

Жаз айлары – балалар үшін ерекше ықыласпен күтетін уақыт.

Каникул – тек демалыс уақытында ғана болатын үлкен әлем. Жазғы демалыс – мектеп оқушыларының жалпы физиологиялық, сана-сезімдік, дүние танымдық тұрғыда даму, жетілу кезеңі. Осы кезде оқушыны бос уақытты дұрыс пайдалануға бағыттаудың мәні зор.

Елімізде балалардың бос уақытын ұйымдастыру, жазғы демалысты мәдени үлгіде өткізу жылдан жылға жақсы қолға алынып, мұғалімдер мен ата-аналардың да қызығушылығын арттырып келеді. Жазғы каникул балалардың жылдық бос уақытының айтарлықтай бөлігін алады. Ол мектептегі сабақтан гөрі баланың еркіндікке, өзі үшін қызықты істерді жасау және өз мүдделерінің еркін дамуы үшін қажеттіліктерін жүзеге асыратын кезең.

Сондықтан жаз – балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, олардың жеке басына тән қабілеттерін жетілдіру, әлеуметтік және мәдени білім беру құндылықтарына араласу, әлеуметтік байланыстар жүйесіне қосылу, өз жоспарларын жүзеге асыру, жеке бас мүдделерін қанағаттандыру, ойын-сауық, бойында жиналып қалған шиеленістен арылу, жұмсалған күшінің орнын толтыру, денсаулығын нығайту кезеңі. Жаз балаларға өзінің сан түрлі талантын ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл кезеңді жеке басының жақсы жақтарын ашып көрсетуге жағдай жасауға, балалар арасында рухани және эмоциялық құндылықтарын алмасуға, жеке басының мүдделерін іске асыру үшін пайдалану керек.

Осындай демалыс орындарының бірі – Семей қаласындағы Полковничий аралында 12 жыл қатарынан жұмыс жасап келе жатқан Облыстық балалар биологиялық орталығындағы жазғы экологиялық лагерь. Орталықтағы экологиялық лагерь жұмысы оқушылардың табиғат туралы білімдерін кеңейтіп, қоршаған ортаның жағдайын бағалай білуге үйретіп қана қоймай, табиғатты қорғаудың шынайы іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады.

Оқу жылы аяқталысымен экологиялық лагерьдің «Гүлдер қалашығы» 1-ші ауысымы жұмысын бастап кетті. Алғаш болып қаламыздың №1, №10, №21, №32 жалпы орта білім беретін мектептерінің оқушылары демалды. Бүкіл ауысым гүлдерге арналғандықтан, барлық балалар орталықтағы біржылдық және көпжылдық гүлдердің түрлері, өсу ерекшеліктері, агротехникасымен танысты. Сонымен қатар, «Гүлдердің екінші өмірі» көрмесі, «Бөлме гүлдерін күте білейік» экологиялық акциясы, «Халықаралық Қоршаған ортаны қорғау күні», «Мемлекеттік рәміздер күні» және жыл сайын дәстүрге айналған «Лагерьдің ашылу және жабылу салтанатты лездемелері», «Достық алауы» топтардың кездесуі сияқты көпшілік іс-шараларға толы болды.

Келесі ауысым «Табиғат әлемі» деп аталып, туған өлкенің табиғатына арналды. Полковничий аралының өсімдіктер мен жануарлар дүниесімен танысып, «Жас өлкетанушы», «Экобілім», «Микроскоп астындағы өмір»,

«Жануарлардың қызықты әлемі» бірлестіктерінің жұмыстарына қатысып, онда фенологиялық бақылаулар жүргізіп, тәжірибелер мен экскурсияларды жүргізу дағдыларын үйренді. Балалар өз топтарында күнделікті қызықты тапсырмалар орындап, шығармашылық топтар жұмыс жасады. Олар табиғат туралы өлең жолдарын орындап, суреттер салып, табиғи материалдардан бұйымдар жасап, топ бұрышын әзірледі. Атап айтсақ, «Жас ақындар» сайысында ерекше көзге түскен № 22 мектептің 7-сынып оқушысы Советов Бақнұрдың А. Шаяхметовтің сөздеріне ұйқас шығарған өлең шумақтары:

**Күн сәулесі төгілгені әдемі,
Алуан түрлі қызыл гүлдер әдемі,
Сылдыр қаққан мөлдір су да әдемі,
Биік-биік шыңдарым да әдемі.**

**Айдын көлде аққу қандай әдемі,
Сұңқар құстың самғағаны әдемі,
Даланы әнге бөлеген құстарым қандай әдемі,
Мөлдіреген көздері киігім қандай әдемі.**

**Ақ көрпеге оранған қысым қандай әдемі,
Масатыдай құлпырған көктем қандай әдемі,
Асыр салып ойнайтын жазым қандай әдемі,
Сары түске боялған күзім қандай әдемі.**

**Осылайша табиғатқа бір қарап,
Табиғатпен сырласу да әдемі.
Жер-Ананы аяласаң жан-тәнмен,
Боласындар сендер де, дүниедегі ең әдемі!** - деген сөздері есімізде қалды.

Сондай күндердің бірінде өткен «Жаз аруы - 2014» іс-шарасына 15 ару қатысты. Олар өздерін таныстыру, өнерлерін көрсету, сұраққа жауап беру сияқты кезеңдерден сүрінбей өтіп, жаздық киім үлгілерін ұсынды. Бұл сайыста «Жұлдыздар» тобының мүшесі Гүлназ Жакиянова барлық қатысушылардан озып түсіп, «Жаз аруы - 2014» атағына ие болды. Түрлі үлгіде өткізілетін іс-шаралар оқушылар арасында достық сезімін ұлғайта түседі. Сонымен қатар, шығармашылық қабілеттері мен дарындылықтарын дамытуға зор үлесін қосады.

Биологиялық орталықтағы жануарлардың еріксіз жағдайындағы тіршілігі балаларды қатты қызықтырады. Сондықтан үшінші ауысымды «Қызықты жануарлар дүниесінде» деп атадық. Бұл ауысымда ғылыми-практикалық конференцияларға оқушылар өздерінің жүргізген танымдық жорық жобаларын, фенологиялық бақылауларын, тәжірибе жұмыстарын қорғады. Жас ғалымдар жануарлардың көп түрлілігі мен ерекшеліктерін айтып, білімдерін шындай түсті. Әрбір бала дайындаған баяндамасын презентация, бейнефильм, фотокүнделік арқылы ұсынды. Бұл олардың ғылыми-зерттеушілік, ізденімпаздық, еркін ойлау сияқты құзыреттерін дамытты.

Міне, үшінші жыл қатарынан орталықтың юннаттары да келіп, жазғы демалыстарын бірге өткізуде. №33 мектептің 7-сынып оқушылары Русланқызы Наргиз, Орынбаева Гүлерке, Канапиянова Әнел және №12 мектептің 8-сынып оқушысы Бекбаева Мадина, №31 мектеп оқушысы Аманов Марат сияқты балалар әр ауысым сайын қосымша білім беру педагогтерінің оң қолы секілді лагерьдегі барлық іс-шараларды ұйымдастырып, күнделікті топтар арасында рейтинг жүргізіп отырады.

Әр ауысымның соңғы күндері салтанатты лездемеде «Ең үздік топ», «Ең үздік топ командирі», «Үздік фенолог», «Үздік зерттеуші» сияқты номинациялар бойынша лагерьдің өміріне белсенді қатысқан оқушылар анықталып марапатталды.

Жазғы демалыс уақытында 700-ге жуық бала қамтылды. Сондай-ақ, Семей өңірінің қала сыртындағы табиғи аймақтарын зерттеу мақсатында оқу-зерттеу экспедициясына 20 жас натуралист жолдама алды.